

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері

9-сынып

1. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.

- A) Сұлу, әдемі, ең
- B) Кәрі, қарт, қария**
- C) Саулық, шайлық, ірі
- D) Мүгедек, жас, қаріп
- E) Барлық, түгел, ерін

2. «Кеңейту» сөзінің антонимін белгілеңіз.

- A) Таныту
- B) Дамыту
- C) Нығайту
- D) Тарылту**
- E) Қолдау

3. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.

- A) Тұлпар - батырлар мінген жүйрік ат.
- B) Бала қыздың алдына асыл тұқымды тұлпарды тарта берді.
- C) Тұлпар туған шұбар ат.
- D) Халықтан небір тұлпарлар шығады.**
- E) Түп атасы - араб тұлпары.

4. Омоним бола алатын сөзді көрсетіңіз.

- A) Көз
- B) Қара**
- C) Тіс
- D) Қол
- E) Тұз

5. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) жарыс
- B) жүйрік
- C) арман
- D) жеңімпаз**
- E) атақты

6. Сөз түрлендіруші жұрнақты көрсетіңіз.

- A) - лық, -лік
- B) - -гер, -паз
- C) - сыз, -сіз
- D) - ырақ, -ірек**
- E) - шы, -ші

7. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататын анықтаңыз.

Ол жақсы оқыса, университетке түседі.

- A) Қарсылықты
- B) Шартты**
- C) Себеп
- D) Мақсат
- E) Мезгіл

8. Көп нүктенің орнына керекті есімдікті қойыңыз.

... жолдасың ұзақ күтті.

- A) Саған
- B) Бізге
- C) Олар
- D) Сіздікі
- E) Сені**

9. Адамның өзіне қатысты істейтін әрекетін көрсетіңіз.

- A) бояу, тазалау
- B) бояну, тазалану**
- C) бояту, тазалату
- D) боясу, тазаласу
- E) боямау, тазаламау

10. Одағай сөзге байланысты қойылып тұрған тыныс белгіні табыңыз.

- A) Балам, арыңды жасыңнан сақта.
- B) Амал қанша, ақырын күту керек.
- C) Әттең, қазір жанымда ағам болғанда ғой.**
- D) Арман, сен үйіңе бара ғой.
- E) Желтоқсанда екінші тоқсан аяқталады.

11. Екі түс кезектесіп келетін сөйлемді табыңыз.

- A) Алакөл толқындары біресе ақ, біресе көк болып өзгеріп жатады.
- B) Алакөл толқындары әр түрлі болып өзгеріп жатады.
- C) Алакөлдiң суының өте шипалы екенiн халық бiледi.
- D) Алакөзде туризмдi дамыту қажеттiгiн ұсынып отырмыз.
- E) Алакөлдiң суы шипалы, бiрақ айналасы әлi жайлы емес.

12. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататын анықтаңыз. *Дәметкеннің жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды.*

- A) Қарсылықты
- B) Шартты
- C) Себеп
- D) Мақсат
- E) Мезгіл

13. Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелікті табыңыз

- A) Үндемей тыңдау
- B) қарапайым сөздерді қолдану
- C) Тіл тазалығын сақтау
- D) қыстырма сөздерді қолдану
- E) Диалогке құрылмайды

14. Мақалдың тақырыбын көрсетіңіз.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,

Үлкен болмаса кішіден сұра.

- A) ынтымақ, бірлік туралы
- B) достық туралы
- C) еңбек пен кәсіп туралы
- D) батырлық, ерлік туралы
- E) өнеге-білім туралы

15. Сөйлемнің жалғасын табыңыз. *Менің ертең уақытым жоқ,*

- A) сол себепті демаламыз
- B) себебі шығарма жазамын
- C) әйтпесе қонаққа барамыз
- D) егер фестиваль болса
- E) сондықтан мен ертең сенімен кездесемін

16. Алматы және Талдықорған өңірлерінің атауын табыңыз.

- A) Солтүстік Қазақстан
- B) Күріштің отаны
- C) Сарыарқа
- D) Жетісу
- E) Жібек жолы

17. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданған уақыт

- A) 1991 жылдың 23 қарашасында
- B) 1992 жылдың 30 желтоқсанында
- C) 1992 жылдың 30 тамызында
- D) 1992 жылдың 25 желтоқсанында
- E) 1993 жылдың 28 қаңтарында

18. Мемлекеттік ту бетіндегі ою-өрнек бейнесі нені білдіретінін көрсетіңіз.

- A) Қазақ елінің өзіндік ерекшелігін
- B) Киелі шамшырақты
- C) Бес құрлықты
- D) Еркіндік, биік арманға самғауды
- E) Адалдық, тазалықты

19. «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» және «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинақтар жариялаған кім:

- A) А.Жұбанов
- B) Н.Тілендиев
- C) А.Затаевич
- D) Е.Рахмадиев
- E) Ә.Қашаубаев

20. Шешесінің әкесі балаға кім болатынын табыңыз.

- A) Ата
- B) Нағашы ата
- C) Жезде
- D) Әке
- E) Аға